

## Қазақстан Республикасы Президентінің "ДДҰ-ның Темекімен күрес жөніндегі негізdemelіk конвенциясына қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 мамырдағы N 591 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "ДДҰ-ның Темекімен күрес жөніндегі негізdemelіk конвенциясына қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

### **Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы ДДҰ-ның Темекімен күрес жөніндегі негізdemelіk конвенциясына қол қою туралы**

К а у л ы е т е м і н :

1. 2003 жылғы 21 мамырда Женевада жасалған ДДҰ-ның Темекімен күрес жөніндегі негізdemelіk конвенциясына қол қойылсын.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының жаңындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі Ержан Хозеұлы Қазыхановқа Қазақстан Республикасының атынан көрсетілген Негізdemelіk конвенцияға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

### **Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының темекіге қарсы күрес жөніндегі Негізdemelіk конвенциясы**

#### **Кіріспе**

Осы Конвенция тараптары,

қайта орындалған шешімдікпен адамдардың денсаулығын сақтау құқығына басымдық көңіл бөлуге ,

темекі эпидемиясын тарату адам денсаулығы үшін айтарлықтай салдары бар және мүмкіндігінше барынша кең халықаралық ынтымақтастық пен тиімді, тиісті және барлық елдердің жан-жақты халықаралық жауапты іс-қимылдарға қатысуын талап

ететін ғаламдық проблема екендігін мойындағы отырып, адам денсаулығы үшін күйреткіш салдары бойынша халықаралық қоғамдастықтардың алаңдаушылығын көрсете отырып, бұкіл әлем бойынша, әсіресе дамушы елдерде сигарет пен басқа темекі бұйымдарын пайдалану және өндіруге байланысты, сондай-ақ бұл ауыртпалық отбасына, кедей адамдар мен ұлттық денсаулық сақтау жүйесіне түсетіндіктен айтарлықтай алаңдаушылық білдіре отырып,

темекіні пайдалану және темекі тұтінінің әсері өлімнің, ауру мен мүгедектіктің себебі болып табылатындығын және темекі шегудің әсері мен темекі бұйымдарын пайдаланудың басқа да түрлері мен темекіге байланысты аурулардың пайда болуының арасындағы уақыттың белгілі бір алшақтық бар екендігін ғылыми мәліметтер екі ұшты емес растауды мойындағы отырып,

сондай-ақ, тәуелділікті туғызу және қолдау үшін осылайша әзірленген сигареттер мен құрамында темекісі бар басқа да бұйымдар жоғары технологиялық бұйымдар болып табылатындығын және олардағы көптеген компоненттер мен олардан бөлінетін тұтін фармакологиялық белсенді, уытты, мутагенді және канцерогенді болып табылатындығын, сондай-ақ темекіге тәуелділік аурулардың негізгі халықаралық жіктелімдерінде жеке бұзылу ретінде жітемелетіндігін мойындағы отырып,

темекі шегудің және бұкіл дүниежүзіндегі балалар мен жасөспірімдердің темекіні пайдаланудың басқа да түрлерінің мөлшерлерінің кеңеюіне байланысты және барлық деңгейдегі әйелдердің саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға толық қатысуы қажеттілігіне, сондай-ақ гендерлік аспектілерді есепке ала отырып, темекіге қарсы стратегиялардың қажеттілігіне назар аудару арқылы алаңдаушылық білдіре отырып,

темекі бұйымдарын пайдалануды көтермелегу мақсатында жарнамалардың, сатуға ынталандырудың және демеушіліктің барлық нысандарының ықпалына байланысты айтарлықтай алаңдаушылық білдіре отырып,

контрабанданы қоса алғанда сигареттер мен басқа да темекі бұйымдарын заңсыз сатудың барлық нысандарын, заңсыз өндіру және жасанды көшірмелерді жою үшін бірлескен іс-қимылдың қажеттілігін мойындағы отырып,

барлық деңгейдегі және әсіресе дамушы елдер мен өтпелі экономикасы бар елдерде темекіге қарсы күрес жеткілікті қаржылық және темекіге қарсы күрес жөніндегі қызмет үшін қазіргі кездегі және болжамдалған қажеттіліктермен шамаланған техникалық ресурстарды талап ететіндігін тусіне отырып,

темекіге деген сұранымды қысқартудың табысты стратегияларының ұзақмерзімді әлеуметтік және экономикалық салдарын қарау үшін тиісті тетіктерін әзірлеудің қажеттілігін мойындағы отырып,

кейбір дамушы елдердегі және өтпелі экономикасы бар елдердегі темекіге қарсы құрес бағдарламасының орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективасында әлеуметтік және экономикалық қыындықтар туғызуы мүмкін екендігіне қоңыл бөле отырып және қалыпты даму стратегияларының ұлттық деңгейінде әзірленген контекстегі техникалық және қаржы көмектеріне деген олардың қажеттіліктерін *мойындай отырып*,

темекіге қарсы құрес саласында көптеген мемлекеттердің жүргізген құнды жұмыстарын және Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының жетекшілігін макулдай отырып, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа ұйымдары мен органдарының және темекіге қарсы құрес саласындағы шараларды әзірлеу жөніндегі басқа халықаралық және өнірлік үкіметаралық ұйымдардың күш салуын *мойындай отырып*,

денсаулық сақтаудың кәсіби органдарын, әйелдер топтарын, жастар топтарын, табиғатты қорғау топтарын және тұтынушылар топтарын, академиялық мекемелер мен денсаулық сақтау мекемелерін қоса алғанда темекі өнеркәсібімен байланысты емес үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да азаматтық қоғам мүшелерінің ұлттық және халықаралық деңгейлерде темекіге қарсы құрес бойынша күш салуға айрықша үлестерін, сондай-ақ темекіге қарсы құрес бойынша ұлттық және халықаралық күш салуларға қатысуларының өмірлік маңызды мәнін *айрықша атай отырып*,

темекі өнеркәсібінің темекіге қарсы құрес бойынша күш салуды бұзының немесе қарсылыққа жетелеуінің кез-келген әрекеттеріне қатысты қырағылық танытудың қажеттілігін және темекіге қарсы құрес бойынша күш салуға теріс әсер көрсететін темекі өнеркәсібінің қызметі туралы хабардар етудің қажеттілігін *мойындай отырып*,

әрбір адам физикалық және психикалық денсаулықтың ең жоғары қол жететін деңгейіне құқығы бар екендігі туралы айтылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакттің 12-бабын *еске сала отырып*,

сондай-ақ, нәсіліне, дініне, саяси көзқарасына, экономикалық немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан барлық адамның денсаулықтың ең жоғары қол жететін деңгейіне ие болуы негізгі құқықтарының бірі болып табылатындығы айтылатын Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы Жарғысының кіріспесін *еске сала отырып*,

қайта орындалған шешімдікпен қазіргі кезде қолданылатын және ғылыми-техникалық және экономикалық пікірлерге негізделген темекіге қарсы құрес шарапына *жәрдемдесуге*,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1979 жылғы 18 желтоқсанда қабылдаған әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенция осы Конвенцияның қатысушы-мемлекеттерінің медициналық-санитарлық көмек саласында әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою үшін тиісті шаралар қолдануды қарастыратындығын *еске сала отырып*,

сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада қабылдаған бала құқығы жөніндегі Конвенция осы Конвенцияның

қатысушы-мемлекеттерінің баланың денсаулықтың ең жоғары қол жететін деңгейіне ие болу құқығын мойындайтындығын еске сала отырып, мыналар туралы келісті:

## I Бөлім. Кіріспе

### 1-бап

#### Терминдерді пайдалану

Осы Конвенцияның мақсаты үшін:

(а) "Заңсыз сауда" заңмен тыйым салынған, осындай қызметке жәрдемдесу мақсаты бар практиканың немесе мінез-құлықтың кез-келген түрін қоса алғанда өндірге, жіберуге, алуға, иеленуге, бөлуге, сатуға қатысы бар практиканың немесе мінез-құлықтың кез-келген түрін білдіреді.

(б) "Экономикалық интеграцияның өнірлік үйімы" бірнеше егеменді мемлекеттерден тұратын және оның мемлекет-мүшелері бірқатар мәселелер бойынша, осы мәселелер бойынша міндеттер жүктелетін шешім қабылдау құқығын қоса алғанда оның мемлекет-мүшелеріне өкілеттіктерін берген кез-келген үйімды білдіреді.

(с) "Жарнама және темекіні сатуды ынталандыру" коммерциялық ақпараттарды, ұсынымдарды берудің кез-келген түрін немесе тұра немесе жанама нәтижесімен немесе ықтимал нәтижесімен темекі бұйымдарын сатуды немесе темекіні пайдалануды ынталандыру мақсатындағы әрекетті білдіреді.

(д) "Темекіге қарсы күрес" халықтың темекі бұйымдарын пайдалануын жою немесе азайту арқылы жеткізуді, сұраным мен зиянды, сондай-ақ оған темекі тұтіннің әсерін азайту саласындағы олардың денсаулығын жақсартуға бағытталған стратегиялардың кең ауқымын білдіреді.

(е) "Темекі өнеркәсібі" барлық темекі бұйымдарын дайындаумен, көтерме бөлумен және импортпен айналысатындарды білдіреді.

(f) "Темекі бұйымдары" шегу, сору, шайнау немесе іскеу үшін пайдаланатындей етіп дайындалған шикізат материалы ретінде темекі жапырағынан толық немесе ішінара дайындалған өнімдерді білдіреді.

(g) "Темекіге демеушілік" кез-келген оқиғаға, іс-шараларға салымның кез-келген түрін немесе тұра немесе жанама нәтижесімен немесе ықтимал нәтижесімен темекі бұйымдарын сатуды немесе темекіні пайдалануды ынталандыру мақсатындағы жеке адамды білдіреді.

## **2-бап**

### **Осы Конвенцияның және басқа шарттар мен занды құжаттардың арасындағы байланыс**

1. Адамдардың денсаулығын үздік сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Тараптар осы Конвенция мен оның хаттамаларында талап етілгендерден тыскары шараларды жүзеге асыруға көтермеленеді, бұл ретте осы құжаттардағы ештеңе олардың жағдайларымен келісілетін барынша қатаң талаптарды қолдануға Тараптарға кедергі келтірмейді және халықаралық құқық нормасына сәйкес келеді.

2. Осы Конвенция мен оның хаттамаларының ережелері осы Конвенция мен оның хаттамаларына қатысты немесе осы Конвенция мен оның хаттамалары бойынша осындай келісімдер олардың міндеттерімен сыйысымды болып табылған жағдайда оларға қатысты қосымша болып табылатын мәселе бойынша өнірлік немесе қосалқы өнірлік келісімдерді қоса алғанда, Тараптардың екі жақты немесе көп жақты келісімдер жасау құқығына ешқандай әсерін тигізбейді. Сәйкес Тараптар Хатшылық арқылы Тараптар Конференцияларының келісімдері туралы хабарлайды.

## **II Бөлім. Мақсаты, басшылық қағидаттары мен жалпы міндеттер**

### **3-бап**

#### **Мақсаты**

Осы Конвенция мен оның хаттамаларының мақсаты адам денсаулығы үшін құйретуші салдардан, сондай-ақ темекіні пайдаланудың таралуы мен темекі тұтінінің әсерін тұрақты және айтарлықтай қысқарту үшін ұлттық, өнірлік және халықаралық деңгейлерде Тараптардың жүзеге асыруына жататын темекіге қарсы күрес шаралары үшін қолданыстағы негізdemelerdі қамтамасыз ету арқылы темекіні пайдаланудың таралуы мен темекі тұтіні әсерінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салдарынан осы кездегі және болашақ ұрпақтарды қорғаудан тұрады.

### **4-бап**

#### **Басшылық қағидаттары**

Осы Конвенция мен оның хаттамаларының мақсатына жету және оның ережесін жүзеге асыру үшін Тараптар төменде жазылған қағидаттарды ішінara басшылыққа алаады:

1. Темекіні пайдалану және темекі тұтіні әсерінің денсаулыққа есірткі сипатындағы салдары мен өлім қаупі туралы әрбір адам хабардар болуы тиіс және соған байланысты

адамдарды темекі тұтінің әсерінен қорғау үшін тиісті үкіметтік деңгейде тиімді заңдық атқарушылық әкімшілік немесе өзге де шараларды қараған жөн.

2. Мыналарды ескере отырып, ұлттық, өнірлік және халықаралық деңгейлерде жан-жақты сектораралық шаралар мен үйлестірілген жауап әрекеттерін әзірлеу және қолдау ісіне шешімді саяси жақтаушылық қажет:

(а) бүкіл адамды темекі тұтіні әсерінен қорғау үшін шараларды қолданудың қажеттілігі;

(б) кез-келген нысандағы темекі бұйымдарын бастауды болдырмау, пайдалануды қысқарту мен азайтуға жәрдемдесу мен қолдау үшін шараларды қолданудың қажеттілігі;

(с) тұрғылықты адамдар мен қауымдардың әлеуметтік және мәдени тұрғыдан олардың қажеттілігі мен перспективаларына сәйкес келетін темекіге қарсы қарес бағдарламасын әзірлеуге, жүзеге асыру мен бағалауға қатысуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды қолданудың қажеттілігі; және

(д) темекіге қарсы қарес стратегияларын әзірлеу кезінде әртүрлі жыныстағылар үшін тән қауітердің есебі бойынша шараларды қолданудың қажеттілігі.

3. Халықаралық ынтымақтастық, әсіресе технологияларды, білімдерді беру және қаржы көмегін көрсету, сондай-ақ жергілікті мәдени жағдайды, сондай-ақ экономикалық, саяси және заңды факторлардың осы Концепцияның маңызды бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, темекіге қарсы күрестің тиімді бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру үшін тиісті сараптамалық қызметтерді

Ұ с ы н у .

4. Ұлттық, өнірлік және халықаралық деңгейлерде қолданылатын барлық темекі бұйымдарын пайдалануды қысқарту жөніндегі жан-жақты көп секторлы шаралар мен жауап әрекеттер темекіні пайдалану мен темекі тұтінің әсерінен болған аурушандықтың, ерте мүгедектік пен қайтыс болудың қоғамдық деңсаулық сактау қағидаттарына сәйкес алдын алу үшін қажетті.

5. Өзінің юрисдикция шегінде жауапкершілікке байланысты мәселелер әрбір Тараппен қалай белгіленетіндігі темекіге қарсы жан-жақты күрестің маңызды бөлігі болып табады.

6. Дамуши елдер болып табылатын Тараптардағы, сондай-ақ өтпелі экономикасы бар Тараптардағы темекіге қарсы қарес бағдарламаны жүзеге асыру күн көріс қаражатына айтарлықтай әсерін тигізетіндіктен темекі өсіретін адамдар мен темекі өнеркәсібі қызметкерлерінің экономикалық өтуіне жәрдемдесу үшін ұлттық деңгейде әзірленетін қалыпты даму стратегиясының контекстінде техникалық және қаржы көмегінің мәнін мойындаған және есепке алған жөн.

7. Конвенция мен оның хаттамаларының мақсатына жету үшін азаматтық қоғамның қатысуы қажет.

## **5-бап**

### **Жалпы міндеттер**

1. Тарап болып табылатын осы Конвенция мен оның хаттамаларға сәйкес әрбір Тарап темекіге қарсы құрес жөніндегі жан-жақты көп секторлы ұлттық стратегияларды, жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлейді, жүзеге асырады, дүркін-дүркін жаңартады және қайта қарайды.

2. Осы мақсатқа жету үшін әрбір Тарап өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес:

(а) темекіге қарсы құрес жөніндегі ұлттық үйлестіру тетігін немесе үйлестіру органдарын құрады немесе нығайтады және қаржыландырады; және

(б) тиімді зандақ, атқарушылық, әкімшілік және/немесе өзге де шараларды қолданады және жүзеге асырады және тиісті жағдайларда темекіні пайдаланудың, никотиндік тәуелділік пен темекі тұтінінің әсерінің алдын алу және қысқарту үшін тиісті саясатты әзірлеуге басқа Тараптармен ынтымақтасады.

3. Темекіге қарсы құрес жөніндегі қоғамдық денсаулық сақтаудың өзінің саясатын әзірлеу мен жүзеге асыру кезінде Тараптар ұлттық заңына сәйкес темекі өнеркәсібінің коммерциялық және корпорациялық мүдделердің әсерінен өзінің саясатын қорғайтында етіп әрекет жасайды.

4. Тараптар болып табылатын осы Конвенция мен хаттамалардың жүзеге асырудың ұсынылған шараларын, ресімдері мен басшылық қағидаттарын әзірлеуде Тараптар ынтымақтасады.

5. Тараптар тиісті жағдайларда Тараптар болып табылатын осы Конвенция мен хаттамалардың мақсатына жету үшін құзыретті халықаралық және өнірлік үкіметаралық ұйымдармен және басқа да органдармен ынтымақтасады.

6. Тараптар оларда бар қаражаттар мен ресурстардың шегінде қаржыландырудың екі жақты және көп жақты тетіктерінің көмегімен осы Конвенцияны тиімді жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарын жұмылдыру мақсатында ынтымақтасады.

### **III Бөлім. Темекіге сұранымды қысқартуға қатысты шаралар**

## **6-бап**

### **Темекіге сұранымды қысқарту жөніндегі баға және салық шаралары**

1. Тараптар баға және салық шаралары халықтың әртүрлі топтарының, әсіресе жастардың темекіні пайдалануын қысқартудың тиімді және маңызды құралы екендігін мойнадайды.

2. Тараптардың егеменді құқықтарына арналған зиянсыз өзінің салық салу саясатын анықтауда және белгілеуде әрбір Тарап темекіге қарсы құреске қатысты денсаулық

сақтау саласындағы өзінің ұлттық мақсатын есепке алуы тиіс және тиісті жағдайларда мыналар енүі мүмкін шараларды енгізу немесе сақтау:

(а) салық саясатын және, орынды болған жағдайда темекіні пайдалануды қысқартуға бағытталған денсаулық сақтау саласындағы жетістікке жету мақсатына жәрдемдесу үшін темекі бұйымдарына қатысты баға саясатын жүзеге асыру; және

(б) тиісті жағдайларда халықаралық сапарларды жүзеге асыратын адамдардың темекі бұйымдарын салықсыз және бажсыз сатуына және/немесе олардың осы бұйымдарды әкелуіне тыйым салу немесе шектеу.

3. 21-бапқа сәйкес Тараптар Конференциясында Тараптар кезеңдік баяндамаларында темекі бұйымдарының салық салу ставкалары мен темекіні пайдалану үрдістері туралы ақпаратты ұсынады.

## **7-бап**

### **Темекіге сұранымды қысқарту жөніндегі базадан тыс шаралар**

Тараптар жан-жақты бағадан тыс шаралар темекіні қысқартудың тиімді және маңызды құралы болып табылатындығын мойындейды. Әрбір тарап 8-13-баптар бойынша өзінің міндеттерін сақтау үшін қажетті тиімді заңдық, атқарушылық, әкімшілік және/немесе өзге де шараларды қолданады және жүзеге асырады, және тиісті жағдайларда оларды жүзеге асыру мақсатында басқа Тараптармен тікелей немесе халықаралық ұйымдар арқылы ынтымақтасады. Тараптар Конференциясы осы баптардың ережелерін жүзеге асыру үшін тиісті басшылық қағидаттарын ұсынады.

## **8-бап**

### **Темекі тұтінінің әсерінен қорғау**

1. Тараптар ғылыми мәліметтер темекі тұтінінің әсері өлімнің, аурулар мен мүгедектің себептері болып табылатындығын екі ұшсыз қуаттайтындығын м о й ы н д а й д ы .

2. Әрбір Тарап ұлттық заңнамамен белгіленген қолданыстағы ұлттық юрисдикция саласында қолданады және жүзеге асырады, және юрисдикцияның басқа деңгейлерінде тиімді заңдық, атқарушылық, әкімшілік және/немесе үй-жайлардың ішіндегі жұмыс орындарында, қоғамдық көліктегі және жабық қоғамдық орындарда және тиісті жағдайларда басқа қоғамдық орындарда темекі тұтінінің әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін өзге де шараларды қолдану мен жүзеге асыруға белсенді ықпал етеді.

## **9-бап**

### **Темекі бұйымдарының құрамын реттеу**

Тараптар Конференциясы құзыретті халықаралық органдармен консультацияға темекі бұйымдарының құрамын сынау және өлшеудің басшылық қағидаттарын, сондай-ақ осы құрам мен бөлінетін өнімдерді реттеуді ұсынады. Әрбір Тарап құзыретті үлттық органдар макұлдаған жағдайларда тиімді зандық, атқарушылық, әкімшілік және /немесе осындай сынау және өлшеу бойынша, сондай-ақ осындай реттеу бойынша өзге де шараларды қолданады және жүзеге асырады.

## 10-бап

### Темекі бұйымдарының құрамын ашуды реттеу

Әрбір Тарап өзінің үлттық заңына сәйкес зандық, атқарушылық, әкімшілік және/немесе үкіметтік органдардың темекі бұйымдарын дайындаушылар мен импортерлардан темекі бұйымдарының құрамы мен олар бөліп шығаратын өнімдер туралы ақпаратты ашып көрсетуін талап ететін өзге де шараларды қолданады және жүзеге асырады. Одан басқа әрбір Тарап темекі бұйымдары мен өнімдерінен бөлініп шығатын уыттық құрам туралы көпшілікті хабардар ету жөніндегі тиімді шараларды қолданады және жүзеге асырады.

## 11-бап

### Темекі бұйымдарын бумалау және таңбалау

1. Әрбір Тарап осы Конвенция күшіне енген сәтінен бастап үш жыл кезеңі ішінде өзінің үлттық заңына сәйкес осы Тарап үшін:

(a) темекі бұйымдарын бумалау мен таңбалау жалған, адастыратын немесе алдау болып табылатын, немесе кез-келген термин, сипаттау, сауда маркасын, белгілі темекі бұйымының басқа темекі бұйымдарына қарағанда зиянының аз екендігін белгілейтін тұра және жанама жалған әсер туғызатын символдық немесе кез-келген өзге белгісін қоса ала отырып, оның сипаттамасы, денсаулыққа әсері, қаупі немесе бөліп шығаратын өнімдері туралы теріс әсер туғызатын кез-келген жолмен темекі бұйымдарын сатуға ынталандырмайтын тиімді шараларды жүзеге асырады. Олар "құрамында смолалары аз", "женіл", "өте женіл" немесе "жұмсақ" деген терминдерді енгізуі мүмкін; және

(b) темекі бұйымдарының әрбір қорабы мен бумасында және кез-келген сыртқы бума да және осы сияқты бұйымдардың таңбалауында сондай-ақ темекіні пайдаланудың зиянды салдарын сипаттайтын денсаулық үшін зияны туралы ескертуінен тұрады және басқа да тиісті хабарламаларды келтіреді. Олар мынадай ескертулер мен хабарламалар:

(i) құзыретті үлттық органдар бекітеді,  
(ii) мерзімді өзгереді,

(iii) ірі, нақты, айқын және женіл оқылатын болып табылады,

(iv) негізгі таңбаланған үстіңгі бет 50% немесе одан аса алғып жатады, бірақ ешқандай жағдайда негізгі таңбаланған үстіңгі беттің 30% кем емес,

(v) суреттер немесе пиктограмма түрінде орындалуы мүмкін, немесе оларды енгізеді.

2. Темекі бұйымдарының әрбір қорабы мен бұмасында және кез-келген сыртқы бұмада және осы сияқты бұйымдардың таңбалауында осы Баптың 1 (b)-тармағында көзделген ескертулерге қосымшада ұлттық органда белгіленген темекі бұйымдары мен олар бөліп шыгаратын өнімдердің сәйкес компоненттері туралы ақпараттан тұруы тиіс.

3. Әрбір Тарап осы Баптың 1 (b)-тармағы мен 2-тармағында көрсетілген ескертулер мен басқа да мәтіндік ақпарат оның негізгі тілі мен негізгі тілдерде темекі бұйымдарының әрбір қорабы мен бұмасында және кез-келген сыртқы бұмада және осы сияқты бұйымдардың таңбалауында айшықталуын талап етеді.

4. Осы Баптың мақсаты үшін "сыртқы бума мен таңбалау" термині осы бұйымның бөлшек саудасында пайдаланылатын кез-келген бума мен таңбалаудағы темекі бұйымдарына қатысты қолданылады.

## 12-бап

### **Ағарту, ақпарат беру, дайындау және халықты хабардар ету**

Әрбір Тарап тиісті жағдайларда барлық қолданыстағы ақпарат беру құралдарын пайдалана отырып, темекіге қарсы құрес мәселесі бойынша халықты ақпараттандыру жүйесін қолдайды және нығайтады. Осы мақсатта әрбір Тарап тиімді заңдық, атқарушылық, әкімшілік және/немесе жәрдемдесуге бағытталған мынадай өзге де шараларды қолданады және жүзеге асырады:

(а) үйренуді қоса отырып, темекіні пайдалану мен темекі тұтінінің денсаулыққа әсер ету қаупі туралы халықты ақпараттандырып, ағартудың тиімді және жан-жақты бағдарламаларға кеңінен қол жетімділігін;

(б) халықты темекіні пайдалану мен темекі тұтінінің әсер етуі денсаулыққа төндіретін қауіпі, сондай-ақ 14, 2-бапта көрсетілгендей темекіні пайдалануды тоқтатудың, темекіден босаған кездегі өмір сүру өзгешелігінің мүмкіндіктері туралы халықты ақпараттандыру;

(с) ұлттық заңнамаға сәйкес осы Конвенцияның мақсатына жататын темекі өнеркәсібі туралы әртүрлі ақпараттарға халықтың қолын жеткізу;

(д) денсаулық сақтау қызметкерлеріне, қауымдастық қызметкерлеріне, әлеуметтік қызметкерлерге, бұқаралық ақпарат құралдарының кәсіби қызметкерлеріне, оқытушыларға шешім қабылдайтын қызметкерлерге, басшы және өзге де тиісті адамдарға бағытталған темекіге қарсы құрес жөніндегі тиімді және нақты бағдарламалар немесе ақпараттылығы мен ағартушылық көтеруге;

(е) темекі өнеркәсібімен байланысты емес мемлекеттік және жеке мекемелердің және үкіметтік емес ұйымдардың темекіге қарсы құрес саласында сектораralық бағдарламалар мен стратегияларды әзірлеп және іске асыруды ақпараттандыру мен

(f) халықты темекіні өндіру мен тұтынудың адам денсаулығына кері әсер ету себептері, сондай-ақ оның экономикалық және экологиялық зардалтарын ақпараттандыруға және ақпараттарға қол жетімділігіне ықпал ету.

### **13-бап**

#### **Темекі өнімдерін жарнамалау, сатуды ынталандыру және демеушілік**

1. Тараптар жарнамалауды, сатуды ынталандыру мен демеушілікті толық тоқтау темекі өнімдерін тұтынудың қысқаруына әкеліп соғатынын мойындайды.

2. Әрбір Тарап өзінің конституциясы немесе конституциялық қағидаттарына сәйкес өзінің темекі өнімдерін жарнамалауға, сатуды ынталандыруға және демеушілікке толық тиым салуды енгізеді. Оған сол Тарапта бар құқықтық жағдайлар мен техникалық құралдардың қолдағысын есепке ала отырып, оның аумағынан шығатын барлық транспекаралық жарнама сатуды ынталандыру мен демеушілікке толық тиым салады. Осыған байланысты әрбір Тарап Конвенция осы ел үшін өз күшіне енгенниен кейінгі бес жыл ішінде, тиісті заңнамалық атқару, әкімшілік және/немесе өзге де шаралар қабылдайды және 21-бапқа сәйкес тиісті баяндамаларды ұсынады.

3. Өз конституцияның күшіне немесе конституциялық қағидаттарға сәйкес толық тиым салуға мүмкіндігі жоқ Тарап барлық жарнамаға, темекі өнімдерін сатуды ынталандыру мен демеушілікке шектеу қолданады. Оған осы Тараптың құқықтық шарттары мен техникалық құралдардың қолда бары, жарнамаға шектеу қою немесе толық тиым салу, сату мен демеушілікті ынталандыру, оның аумағы мен шекаралас шеттесуінен туындау енеді. Осыған байланысты әрбір Тарап тиісті заңнамалық, орындаушылық, әкімшілік және/немесе өзге де шаралар және 21-бапқа сәйкес тиісті ба я н д а м а л а р

ұ с ы н а д ы .

4. Кемінде және өздерінің конституцияларына немесе конституциялық қағидаттарына

сәйкес :

(a) жалған және алдамшы жолмен келген, адам денсаулығына кері әсер ететін, қауіпті немесе бөлінетін өнімдері туралы, олардың мән-мазмұнын ашып көрсетпейтін темекі өнімдерін жарнамалаудың барлық түрлеріне тиым салады;

(b) денсаулыққа зияны немесе өзге де тиісті ескертулер темекі өнімдерін жарнамалаудың барлық түрінде болуын, тиісті жағдайларда сатуды және демеушілікті ескертуді

талап етеді ;

(c) халықтың темекі өнімдерін алуын марапаттайтын тікелей немесе жанама ынталандыруды

қолдануды шектейді ;

(d) әлі тиым салынбаған темекі өнімдеріне жұмсалатын шығындарды жарнамалау, сатуды ынталандыру мен демеушілік туралы тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттар беруін ашуды талап етеді. Осы органдар бұл мәліметтерді қоғамдық және

21-бапты орындау үшін Тараптардың Конференциясына ұсыну туралы ұлттық заңнамаларға сәйкес шешім қабылдауды мүмкін.

(e) өздерінің конституциясы немесе конституциялық қағидаттары күшіне сәйкес Тараптар толық тиым сала алмайтын болса, онда радио, теледидар және баспа басылымдары бұқаралық ақпарат құралдарында, тиісті жағдайларда Интернет сияқты ақпарат құралдарында темекі өнімдерін сату мен оны демеушілікті жарнамалауды бес жылға дейінгі мерзімге шектейді; және

(f) Тараптар өзінің конституциясы немесе конституциялық қағидаттарының күшіне сәйкес тиым сала алмаса, онда халықаралық оқиғалар, іс-шаралар немесе қатысуышылар арасында темекі өнімдеріне демеушілік жасауды шектейді.

5. Тараптар 4-тармақта көрсетілген міндеттеме сыртындағы шараларды іске асырағаны үшін мараттады.

6. Тараптар трансшекаралық жарнамаларды жоюға қажетті технологиялар мен өзгеде құралдарды әзірлеу жөнінде ынтымақтасады.

7. Темекі өнімдерін жарнамалауға, оларды сату мен демеушілікті ынталандыруға тиым салған Тараптар, ұлттық заңнамаға сәйкес өз аумағында осы істерге тиым салуға құқы бар. Осы тармақ қандайда бір нақты ықпалшараны мақұлдауды немесе бекітуді білдіреді.

8. Тараптар трансшекаралық жарнамаға, сату мен демеушілікті ынталандыруға толық тиым салу мақсатында халықаралық ынтымақтастықты талап ететін тиісті шаралар енгізілген хаттама мәселесін қарайды.

## 14-бап

### **Темекіге тәуелділік пен темекіні тұтынуды болдырмауға байланысты сұранысты қысқарту жөніндегі шаралар**

1. Эрбір Тарап темекіні тұтынуды тилю мен темекіге тәуелділіктен тиісті емдеуді қамтамасыз ету үшін ұлттық жағдайлар мен басымдықтарды есепке ала отырып, ғылыми деректер мен үздік практикаға негізделген кешенді басқару қағидаттарын өзірлеуді және таратады.

2. Осы мақсатқа жету үшін әрбір Тарап:

(a) темекіні тұтынуды қоюға ықпал жасауға бағытталған, оның ішінде оқу орындары, медициналық-санитарлық мекемелер, жұмыс орындары мен спорт шараларын өткіzetін орындарда тиым салуға бағытталған тиімді бағдарламаларды өзірлеуге және іске асыруға;

(b) Тиісті жағдайларға қарай темекі шегуді тилюға қатысты денсаулық сақтау қызметкерлері, қауымдастықтар мен әлеуметтік сала қызметкерлерінің қатысуымен ағарту жұмыстарын жүргізуге, денсаулық сақтау саласында ұлттық бағдарламалар, жоспарлар мен стратегияларға диагностика мен темекіге тәуелдікті емдеуді енгізуге;

(с) медициналық-санитарлық көмек және оңалту орталықтарында диагностика, консультация беру, темекіге тәуелділіктің алдын алу мен емдеу жөніндегі бағдарламаларды құралады;

(д) өзге Тараптармен 22-бапқа сәйкес фармацевтикалық препараттарды қоса отырып, темекіге тәуелділікті емдеу бағасын қолжетімді әрі жеңілдету үшін ынтымактасу. Дәрілік заттарды енгізу, тиісті жағдайларда диагностика үшін пайдаланылатын дәрілік заттар, препараттар осы препараттар мен олардың құрамдас бөліктеріне енүі мүмкін.

## **ІҮ Бөлім. Темекіні жеткізуді қысқартуға қатысты шаралар**

### **15-бап**

#### **Темекі өнімдерін заңсыз сату**

1. Контрабанданы, заңсыз өндіру мен қолдан жасауды қоса темекі өнімдерін сатудың барлық түрін жою, сондай-ақ субөнірлік, өңірлік және ғаламдық келісімдерден басқа тиісті ұлттық заңдарды өзірлеу мен іске асыру, темекіге қарсы қурестің қажетті құрамдас бөліктері екенін Тараптар таниды.

2. Әрбір Тарап темекі өнімдерінің шыққан жерін анықтауға көмек беру үшін барлық пачкілер мен темекі өнімдерінің орамдары және мұндай өнімдердің сыртқы орамдары таңбалануы керек, ұлттық заңдарға және екіжақты және көпжақты келісімдерге сәйкес, Тараптарға ауытқу нұктесін, сондай-ақ мониторингті, құжаттау мен темекі өнімдерінің қозғалысы мен олардың заңды мәртебесін анықтауға көмектесу үшін тиімді заңдық, атқару, әкімшілік немесе өзге де шараларды қабылдайды және іске асырады. Мұнан басқа әрбір Тарап:

(а) ішкі рынке, темекі өнімдерін көтерме және бөлшек саудада сату үшін әрбір жеке пачкі мен орамдарда мынадай мәтіндегі жазу болуы керек: "Тек қана мынадай жағдайда сатуға рұқсат етіледі (елдің, субұлттық, өңірлік немесе федеральдық аумақтық бірлік)" немесе баратын соңғы пункт немесе органдағы ішкі рыноктағы сату үшін бұл бұйым заңды негізде түсті ме деген сауалдарға жауап беру үшін талап етіледі; және

(б) заңсыз сатқан кезде бөлу жүйесін одан әрі қорғау мен зерттеу жүргізуге көмек беретін практикалық байқау мен байқау режимі жүйесін құру туралы сәйкес жағдайларда мәселелерді қарайды.

3. Әрбір Тарап осы Баптың 2-тармағында көрсетілген орамдағы немесе таңбалаудағы ақпараттар түсінікті және/немесе негізгі тілде немесе негізгі тілдерде жазып берілуін талап етеді.

4. Темекі өнімдерін заңсыз сатуды жою мақсатында әрбір Тарап:

(а) заңсыз сатуды қосыла отырып, темекі өнімдерін трансшекаралық сату туралы

мониторинг пен мәліметтер жинауды, тиісті жағдайларда кеден, салық және өзге де органдармен ұлттық зандарға және қолданыстағы екіжақты немесе көпжақты келісімдерге сәйкес ақпараттар алмасады;

(b) темекі өнімдерін заңсыз сатуға қарсы, оның ішінде қолдан жасалған және контрабандалық сигареттерді сатуға бағытталған тиісті санкциялар және түзету шараларына сәйкес зандарды қабылдайды немесе нығайтады;

(c) барлық тәркіленген өндірістік құралдар, қолдан жасалған және контрабандалық сигареттер мен өзге де темекі өнімдерін практикалық іске асыру, экологиялық таза әдістер, немесе ішкі зандарға сәйкес жою жөніндегі қажетті қадамдар жасауға қа б ы л д а й д ы ;

(d) өзінің зандық шегінде салықсыз немесе баж салығынсыз режимде жиналатын және тасылатын темекі өнімдерін сақтау мен бөлуді бақылау және құжаттандыру, мониторинг мақсатында шаралар қабылдайды және іске асырады;

(e) темекі өнімдерін заңсыз сатудан түскен кірісті конфискеу мақсатында қажетті ш а р а л а р қа б ы л д а й д ы .

5. Осы Баптың 4(а) және 4(б) тармақшаларына сәйкес жиналған ақпараттар 21-бапқа сәйкес тиісті жағдайларда Тараптар еркін түрде Тараптардың Конференциясының мерзімдік баяндамасында ұсынылады.

6. Тараптар тиісті жағдайларда және ұлттық занға сәйкес, ұлттық мекемелердің арасындағы ынтымақтастыққа ықпал етеді, сондай-ақ тиісті өңірлік және халықаралық үкіметаралық ұйымдарға тексеріп білу, сottық ізіне түсу мен амалдар, темекі өнімдерін заңсыз сатуды жою мақсатында ынтымақтасады. Негізгі назар темекі өнімдерін заңсыз сатумен күрес мақсатында өңірлік және субөңірлік деңгейде ынтымақтастыққа ерекше на з а р а у д а р ы л а д ы .

7. Әрбір Тарап заңсыз сауда жасаудың алдын алу мақсатында темекі өнімдерінің өндірісін ретке келтіру және бөлуді ретке келтіру немесе бақылау үшін лицензиялаудың тиісті жағдайларын қоса отырып, одан арғы шараларды қабылдауға және іске асыруға ұмтылады.

## 16-бап

### Кәмелеттік жасқа толмағандарға сату және кәмелеттік жасқа толмағандардың сатуы

1. Әрбір Тарап тиімді заңнамалық, атқару, әкімшілік немесе шараларды тиісті үкіметтік деңгейде темекі өнімдерін он сегіз жасқа толмаған адамдарға ішкі зандар, ұлттық зандарға сәйкес сатуға тиым салу жөнінде шаралар қабылдайды.

О л ш а р а л а р ғ а :

(а) әрбір темекі сататын сатушылардың көрінетін жерде кәмелеттік жасқа толмағандарға тиым салынғаны туралы хабарландырулар ілгеніне, егер күдік болған

жағдайда одан құжат сұрауына ;  
(b) дүкеннің сөрелерінен тікелей темекі өнімдерін сатуға тиым салу ;  
(c) жасөспірімдердің көңілін аударатын темекі түріндегі конфеттер, ойыншықтар немесе өзге де заттарды жасауға тиым салуға ;  
(d) темекі сататын автоматтардың ережесі бойынша жасөспірімдерге зандық жағынан қолжетімді болмауына тиым салуға .

2. Әрбір Тарап тегін темекі өнімдерінің халық әсіресе жасөспірімдер арасында тиым салуға үмтүлады .

3. Әрбір Тарап жасөспірімдерге қолжетімді болып табылатын темекінің бір данадан немесе шағын орамдарда сатуға тиым салуға үмтүлады .

4. Тараптар жасөспірімдерге темекі сатуға тиым салу немесе оның алдын алу тәртібін қүшейту үшін қажет болған жағдайда Осы Конвенцияда жазылған өзге де ережелермен үндесе жұмыс істеу керектігін мойындайды .

5. Тараптар Конвенцияға қол қойылған, бекітілген, қабылданған, бекітілген жағдайда, қажет болса міндетті күші бар жазбаша өтініштің көмегімен темекі өнімдерін сату автоматтарын өздерінің зандық шектерінде тиым салуға міндеттенеді, қажет болған жағдайда темекі өнімдерін сататын автоматтарға толық тиым салуға міндеттенуін көрсете алады .

6. Әрбір Тарап осы Баптың 1-5 тармақтарында жазылған міндеттерді қамтамасыз ету мақсатында, көтерме және бөлшек сауда жасаушыларды қоса отырып, оларға қарсы тиімді зандық, орындаушылық, әкімшілік немесе өзге де шаралар қабылдайды және оны іске асырады .

7. Әрбір Тарап тиісті жағдайларда он жеті жасқа толмағандарға ішкі зандарда, ұлттық зандарда белгіленген тәртіппен темекі өнімдерін сатуға тиым салатын шараларды немесе тиімді зандық, атқарушы, әкімшілік шараларды қабылдайды және іске асырады .

## 17-бап

### Экономикалық өміршең қызметтердің баламасын қолдау

Тараптар өзге Тараптармен, халықаралық және өнірлік үкіметаралық ұйымдармен ынтымақтасу кезінде, темекі өндіру және өсірумен айналысатын адамдардың мүддесіне , қажет болған кезде, тиісті жағдайларда жеке сатушыларға экономикалық өміршең баламаларға ықпал етеді .

### Ү-Бөлім. Қоршаған органды қорғау

## **18-бап**

### **Қоршаған ортаны қорғау және адамдардың денсаулығы**

Осы Конвенция бойынша Тараптар өз аумақтарында темекі өсіру мен оны өндіруге қатысты өздерінің міндеттемелерін орындау кезінде қоршаған ортаны қорғау мен адамдардың денсаулығын сақтау мәселелерін тиісті деңгейде есепке алуға келіседі.

### **ҮІ-Бөлім. Жауапкершілікке байланысты мәселелер**

## **19-бап**

### **Жауапкершілік**

1. Темекіге қарсы күресу мақсатында Тараптар тиісті жағдайларда өтемақы төлеуді қоса отырып, қажет жағдайда қылмыстық және азаматтық жауапкершілік мәселелерін шешу үшін қолданыстағы занды дамыту немесе заңнамалық шараларды қабылдау мұмкіндіктерін қарастырады.

2. Тараптар 21-бапқа сәйкес Тараптардың Конференциялары арқылы бір-бірімен ақпараттар алмасу жөнінде ынтымақтасады, оның ішінде:

(а) темекі өнімдерін пайдаланудың салдары мен 20.3-бапқа сәйкес темекі тұтінінің өзара іс-қимыл жасауы денсаулыққа әкелетін қасіреттері жайында ақпарат алмасады; және

(б) қолданыстағы зандар мен ережелер, тиісті сот практикасы туралы ақпараттар алмасады.

3. Тараптар тиісті жағдайларда және өзара келісе отырып, бір-біріне ұлттық зан, саясат, құқықтық тәжірибе шенберінде және де осы Конвенцияға сәйкес азаматтық және қылмыстық жауапкершілікке қатысты процессуальдық қимылдарды іске асыратын келісім тетіктері негізінде көмек береді.

4. Конвенция Тараптардың бір-бірінің сот органдарына құқықтық мәселелері бар жерде оларға ешқандай қол сұқрайды.

5. Тараптардың Конференцияларында тиісті халықаралық форумдарда қаралатын мәселелер бойынша жауапкершілікке қатысты мәселелер, осы мәселелерге халықаралық тұрғыдан қарау мәселесінде, Тараптарға қолдау көрсету құралдарында, олардың сұрауы бойынша, осы Бапқа сәйкес зандық және өзге де қызметті қарайды.

### **ҮІІ Бөлім. Ғылыми-техникалық ынтымақтастық және ақпарат беру**

## **20-бап**

### **Ғылыми зерттеулер, эпидқадағалау және ақпарат алмасу**

1. Тараптар темекіге қарсы күрес саласындағы ұлттық зерттеулерді өнірлік әрі жаһандық деңгейлерде дамыту мен жәрдемдесу және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын үйлестіру жөніндегі шараларды қабылдайды. Бұл мақсатқа жету үшін Тараптар:

(а) зерттеулер және ғылыми бағалаулар жүргізуде тікелей немесе құзыретті халықаралық және өнірлік үкіметаралық ұйымдар мен басқа органдар арқылы ынтымақтастыққа бастама жасайды әрі жүзеге асырады және бұл ретте темекі тұтынудың зардаптары мен детерминантасын және темекі түтінінің әсерін оқып-үйренуге бағытталған зерттеулерге, сондай-ақ балама мәдениеттерді анықтауға бағытталған зерттеулерге жәрдемдеседі және қолдау көрсетеді;

(б) құзыретті халықаралық және өнірлік үкіметаралық ұйымдар мен басқа органдардың қолдауымен ғылыми зерттеулерді қоса алғанда темекіге қарсы күрес жөніндегі қызметпен айналысатындардың барлығын даярлау және қолдау көрсетуді, жүзеге асыруды және бағалауды дамытады әрі нығайтады.

2. Тараптар тиісті жағдайларда темекі тұтынудың зардаптары мен темекі түтіні әсерлерінің масштабтарын, құрылымдарын, детерминанталарын ұлттық өнірлік және жаһандық эпидқадағалау бағдарламаларын құрады. Осы мақсатта Тараптар темекінің эпидқадағалау бағдарламасын өнірлік және халықаралық деңгейлердегі деректердің салыстырмалылығы мен талдаудың мүмкіндіктерін тиісті жағдайларда қамтамасыз ету үшін денсаулық жағдайын эпидқадағалаудың ұлттық, өнірлік және жаһандық бағдарламаларына кіргізді.

3. Тараптар халықаралық және өнірлік үкіметаралық ұйымдар мен басқа да органдар тарапынан қаржылық және техникалық көмектің маңызын біледі. Әрбір Тарап:

(а) кезең-кезеңмен темекі тұтынуды эпидемиологиялық қадағалаудың және тиісті әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерді және денсаулық көрсеткіштерінің ұлттық жүйесін жасауға;

(б) темекіні өнірлік және жаһандық эпидқадағалауда және осы Баптың З (а) тармағында көрсетілген көрсеткіштер туралы ақпарат алмасуда үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда, құзыретті халықаралық және өнірлік үкіметаралық ұйымдармен және басқа да органдармен ынтымақтасуға;

(с) темекіге байланысты эпидқадағалау деректерін жинау, талдау және таратуды айқындауға арналған жалпы басшылық қағидаттарды немесе рәсімдерді әзірлеуде Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымымен ынтымақтасуға ұмтылады.

4. Тараптар өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес ашық ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, коммерциялық және заңдық ақпаратпен, сондай-ақ осы Конвенцияға қатысы бар темекі өнеркәсібі мен темекі өсіру практикасына қатысты ақпарат алмасуға жәрдемдеседі және женілдетеді, бұл ретте дамушы елдер болып табылатын Тараптардың және өтпелі экономикасы бар Тараптардың айрықша қажеттіліктерін ескереді және қарайды. Әрбір Тарап:

(а) құрамында темекіге қарсы қуресті регламенттейтін зандар мен ережелер бар жаңартылған дерекқорды және тиісті жағдайларда олардың сақталуын қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ тиісті сот практикасы туралы ақпаратты кезең-кезеңмен жасау өрі қолдау мен өнірлік және жаһандық деңгейлерде темекіге қарсы қүрес саласындағы бағдарламаларды әзірлеуде ынтымақтасуға;

(б) осы Баптың 3 (а) тармағына сәйкес жаңартылған дерекқорды кезең-кезеңмен жасауға және қолдауға;

(с) темекі өндіру және темекі бұйымдарын дайындау туралы, сондай-ақ осы Конвенцияға немесе темекіге қарсы қүрес жөніндегі ұлттық қызметке ықпал ететін темекі өнеркәсібі қызметі туралы ақпаратты тұрақты жинау және тарату үшін жаһандық жүйені кезең-кезеңмен жасау және қолдау мақсатында құзыретті халықаралық үйымдармен ынтымақтасуға ұмтылады.

5. Тараптар өнірлік және халықаралық үйымдармен және қаржы мекемелерімен, сондай-ақ дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға өздерінің зерттеулер, эпидқадағалау және ақпарат алмасу жөніндегі міндеттемелерін орындауда көмек көрсету үшін Хатшылыққа жәрдемдесуге және техникалық және қаржы ресурстарын беруді көтермелеге мақсатында олар мүшелері болып табылатын дамыту мәселелерімен айналысатын мекемелер шеңберінде ынтымақтасуы керек.

## 21-бап

### Есептілік және ақпарат алмасу

1. Өрбір Тарап Хатшылық арқылы Тараптар Конференциясына өзінің Конвенцияны орындағаны туралы мерзімдік баяндамаларын ұсынады, онда мыналар қамтылады:

(а) Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында қабылданған заңнамалық, орындаушылық, әкімшілік немесе өзге де шаралар туралы ақпарат;

(б) тиісті жағдайларда Конвенцияны жүзеге асыруда кездескен кез-келген кедергілер мен тосқауылдар туралы және осы тосқауылдарды жою үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат;

(с) тиісті жағдайларда темекіге қарсы қүрес жөніндегі қызмет үшін берілген немесе алынған қаржылық және техникалық көмек туралы ақпарат;

(д) 20-Бапта көрсетілгендей эпидқадағалау және зерттеулер туралы ақпарат; және

(е) 6.3, 13.2, 13.3, 13.4(d), 15.5 және 19.2-Баптарда көрсетілген ақпарат.

2. Мұндай баяндамаларды барлық Тараптардың ұсынуының жиілігі мен нысанын Тараптардың Конференциясы айқындаиды. Өрбір Тарап аталған Тараптар үшін Конвенция қүшіне енгеннен кейін екі жыл ішінде өзінің алғашқы баяндамасын дайындауды.

3. Тараптар Конференциясы 22 және 26-Баптарға сәйкес дамушы елдер болып

табылатын Тараптарға және өтпелі экономикасы бар Тараптарға олардың сұрауы бойынша, осы Бап бойынша олар өз міндеттемелерін орындауда көмек көрсету жөніндегі шараларды қарайды.

4. Осы Конвенция бойынша баяндамалар ұсыну және ақпарат алмасу құпиялылығын және жеке өміріне қол сұғылмауын қамтамасыз ету түрғысындағы ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Өзара келісім бойынша Тараптар олар алмасатын кез-келген құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді.

## 22-бап

### Ғылыми-техникалық және заң салаларындағы ынтымақтастық және тиісті тәжірибелі ұсыну

1. Тараптар дамушы елдер болып табылатын Тараптардың және өтпелі экономикасы бар Тараптардың қажеттіліктерін ескере отырып, осы Конвенциядан туындаитын міндеттемелерді орындау бойынша өзінің әлеуетін нығайту мақсатында тікелей немесе құзыретті халықаралық органдар арқылы ынтымақтасады. Мұндай ынтымақтастықтың мынадай бағыттарға бағытталған темекіге қарсы құрес саласындағы ұлттық стратегияларды, жоспарлар мен бағдарламаларды өзірлеу және нығайту үшін өзара келісім бойынша ғылыми-техникалық және заңдық тәжірибелі және технологияны беруге жәрдемдесу мақсаты болады:

(а) темекіге қарсы құреске байланысты технологияларды, білімді, дағдыны, әлеуетті және тәжірибелі өзірлеуге, беруге және алуға жәрдемдесуге;

#### ( b ) М ы н а л а р :

(i) тиісті сұрау бойынша тұғырлы заңнамалық негізді, сондай-ақ темекіні тұтынудың алдын алуды, оны тұтынуды тоқтатуға және темекі тұтінің әсерінен қорғауға жәрдемдесу жөніндегі бағдарламаларды қоса алғанда, техникалық бағдарламаларды жасауда көмек көрсету;

(ii) тиісті жағдайларда темекі секторында жұмыс істейтін адамдарға экономикалық түрғыда өмір сұруға қабілетті жағдайда өмір сұруға құралдарды қамтамасыз етудің тиісті экономикалық және заңды түрғыда өмір сұруға қабілетті балама тәсілдерін өзірлеуде көмек көрсету;

(iii) тиісті жағдайларда темекі өсірумен айналысатын адамдарға ауыл шаруашылығы өндірісін экономикалық түрғыда өмір сұруғе бейім балама мәдениеттерге айналдыруда көмек көрсету арқылы Конвенцияны жүзеге асыруға бағытталған темекіге қарсы құрес саласындағы ұлттық стратегияларды, жоспарлар мен бағдарламаларды жасау әрі нығайту үшін ғылыми-техникалық заңдық және өзге де тәжирибелерді үсінү;

(c) 12-Бапқа сәйкес тиісті персоналды даярлаудың тиісті бағдарламаларын қолдау немесе ақпараттандыруды арттыру;

(d) тиісті жағдайларда темекіге қарсы күрес саласындағы стратегиялар, жоспарлар мен бағдарламалар үшін қажетті материалдарды, жабдықты және материалдық-техникалық қолдау беру;

(e) никотинге тәуелділікті жан-жақты емдеуді қоса алғанда, темекіге қарсы күрестің әдістерін айқындау;

(f) тиісті жағдайларда никотинге тәуелділікті жан-жақты емдеудің қол жетімділігін арттыру мақсатында ғылыми зерттеулерге жәрдемдесу.

2. Тараптар Конференциясы ғылыми-техникалық және заң тәжірибесі мен технологияны беруде жәрдемдеседі және бұлай беруді 26-Бапқа сәйкес көрсетілетін қаржылық қолдау кезінде женілдетеді.

### **ҮІІ Бөлім. Ұйымдастыру шаралары және қаржы ресурстары**

#### **23-бап**

#### **Тараптар Конференциясы**

1. Тараптар Конференциясы осымен бекітіледі. Конференцияның бірінші сессиясын Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей шақырады. Конференция өзінің бірінші сессиясында келесі кезекті сессиялардың өтетін орны мен уақытын белгілейді.

2. Тараптар Конференциясының кезектен тыс сессиясы Конференция қажет деп тапқан немесе бұл талап туралы ақпаратты Конвенцияның Хатшылығы оларға берген сәттен бастап алты ай ішінде Тараптардың үштен бірі қолдайтын жағдайда кез-келген Тараптың жазбаша талабы бойынша басқа мерзімдерде өткізіледі.

3. Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында конвенсуспен өз рәсімдерінің Ережесін қабылдайды.

4. Тараптар Конференциясы конвенсуспен өзінің ережелерін, сондай-ақ ол қура алатын кез-келген қосалқы органдарды қаржыландыруды регламенттейтін ережелерді, сондай-ақ Хатшылықтың жұмысын регламенттейтін қаржылық ережелерді қабылдайды. Ол әрбір кезекті сессияда келесі кезекті сессияға дейінгі қаржылық кезеңге арналған буюд жетті бекітеді.

5. Тараптар Конференциясы осы Конвенцияның жүзеге асырылуын тұрақты қарайды әрі оны тиімді жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін қажетті шешімдерді қабылдайды және 28, 29 және 33-Баптарға сәйкес Конвенцияға хаттамаларды, қосымшалар мен түзетулерді қабылдай алады. Осы мақсатпен олар:

(a) 20 және 21-Баптарға сәйкес ақпарат алмасуға жәрдемдеседі және женілдетеді;

(b) ғылыми зерттеулерді өзірлеуге және салыстырмалы әдіснамаларын мерзімдік жетілдіруге және деректер жинауға жәрдемдеседі және осы Конвенцияны жүзеге асыруға қатысты, 20-Бапта көзделгендерге толықтыруға жібереді;

(c) тиісті жағдайларда стратегияларды, жоспарлар мен бағдарламаларды, сондай-ақ саясатты, заңнаманы және басқа да шараларды өзірлеуге, жүзеге асыруға және бағалауға жәрдемдеседі;

(d) осы Конвенцияның 21-Бабына сәйкес Тараптар ұсынған баяндамаларды қарайды және Конвенцияның жүзеге асырылуы туралы тұрақты баяндамаларды бекітеді;

(e) 26-Бапқа сәйкес осы Конвенцияны жүзеге асыруға арналған қаржы ресурстарын жұмылдыруға жәрдемдеседі және ықпал етеді;

(f) осы Конвенцияның мақсаттарына жетуі үшін қажетті қосалқы органдарды бекітеді;

(g) тиісті жағдайларда құзыретті және тиісті ұйымдармен және Біріккен Ұлттар ұйымы жүйесінің органдарымен және басқа халықаралық әрі өнірлік үкіметаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдармен және органдармен Конвенцияны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды нығайту құралы ретінде қызмет көрсету және ынтымақтасу, сондай-ақ ақпарат ұсыну туралы өтініш жасайды; және

(h) тиісті жағдайларда осы Конвенцияның мақсатына жету үшін оны жүзеге асыру процесінде жинақталған тәжірибе аясында басқа да іс-қимылдарды қарайды.

6. Тараптар Конференциясы оның жұмысына бақылаушылардың қатысу критерийлерін белгілейді.

## **24-бап**

### **Хатшылық**

1. Тараптар Конференциясын тұрақты хатшылық тағайындаиды және оның қызмет ету жағдайларын қамтамасыз етеді. Тараптардың Конференциясы мұны өзінің бірінші сессиясында жасауға тырысады.

2. Тұрақты хатшылықты тағайындаған және бекіткен сәтке дейін хатшылықтың функциясын осы Конвенцияға сәйкес Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы қамтамасыз етеді.

### **3. Хатшылықтың функциялары:**

(a) Тараптар Конференциясының және кез-келген қосалқы органдардың сессияларын ұйымдастыру оларды қажетті қызметтермен қамтамасыз ету;

(b) осы конвенцияға сәйкес алынған баяндамаларды беру;

(c) Тараптарға, әсіресе, дамуши елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға олардың сұрауы бойынша осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес талап етілетін ақпаратты жинауда және беруде көмек көрсету;

(d) Тараптар Конференциясының басшылығымен Конвенцияға сәйкес өзінің қызметі туралы баяндамалар дайындау және оларды Тараптар Конференциясына ұсыну;

(e) Тараптар Конференциясының басшылығымен құзыретті халықаралық және

өнірлік үкіметаралық ұйымдармен және басқа да органдармен қажетті үйлестіруді қамтамасыз ету;

(f) Тараптар Конференциясының басшылығымен оның функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін қажет болуы мүмкін мұндай әкімшілік немесе шартты келісімдер жасасу;

(g) Конвенцияда және оның кез-келген хаттамаларында көрсетілген басқа да хатшылық функцияларды, сондай-ақ Тараптар Конференциясы айқындауы мүмкін осында басқа да функцияларды орындау болып табылады.

## **25-бап**

### **Тараптар Конференциясы мен үкіметаралық ұйымдардың арасындағы қарым-қатынас**

Техникалық және қаржылық ынтымақтастықты қамтамасыз ету және осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін Тараптар Конференциясы қаржы мекемелері мен даму мәселелерімен айналысатын мекемелерді қоса алғанда құзыретті халықаралық және өнірлік үкіметаралық ұйымдарға ынтымақтасу туралы өтініш жасай алады.

## **26-бап**

### **Қаржы ресурстары**

1. Тараптар осы Конвенцияның мақсаттарына жетуде маңызды зор рөл атқарады.

2. Әрбір Тарап өзінің ұлттық жоспарларына, басымдықтары мен бағдарламаларына сәйкес осы Конвенцияның мақсаттарына жетуге бағытталған, өзінің ұлттық қызметіне қатысты қаржылық қолдауды қамтамасыз етеді.

3. Тараптар тиісті жағдайларда дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптардың темекіге қарсы құрестің көп секторлы жан-жақты бағдарламаларын әзірлеуді және нығайтуды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін екі жақты өнірлік, қосалқы өнірлік және басқа да көп жақты арналарды пайдалануға жәрдемдеседі. Тиісінше, ұлттық деңгейде әзірленетін орнықты даму стратегияларының контекстінде мәдениетті әртараптандыруды қоса алғанда, темекі өндірісінің экономикалық түрмисқа бейім баламаларын қарастыру үшін қолдау керек.

4. Тиісті өнірлік және халықаралық үкіметаралық ұйымдарда сондай-ақ қаржы мекемелерінде және дамыту мәселелерімен айналысатын мекемелерде ұсынылған Тараптар дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға бұл ұйымдарда қатысу құқығын шектемей, осы Конвенция бойынша олардың өз міндеттемелерін орындауда оларға көмек көрсету мақсатында осы ұйымдар мен мекемелердің қаржылық қолдауын қамтамасыз етуін көтермелейді.

## 5. Тараптар мұналарға келіседі:

(а) Тараптарға осы Конвенция бойынша олардың өз міндеттемелерін орындауда көмек беру үшін барлық Тараптардың, өсіресе, дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптардың игілігі үшін барлық тиісті әлеуетті және қолда бар қаржылық, техникалық немесе темекіге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларға арналған өзге де мемлекеттік және жекеменшік ресурстарды жұмылдыру

эрі пайдалану көре.

(б) Хатшылық дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға, олардың сұрауы бойынша, осы Конвенция бойынша олардың өз міндеттемелерін орындаудың жеңілдегі үшін қаржыландырудың қолда бар көздері тұралы кеңес береді.

(с) Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында Хатшылық өткізген зерттеулердің және басқа да тиісті ақпараты негізінде қолда бар және әлеуетті көздері мен тетіктеріне шолу жүргізеді және олардың сәйкестігін қарайды.

(д) бұл шолудың нәтижелерін Тараптар Конференциясы жұмыс істеп тұрған тетіктерді нығайту немесе қажет болған жағдайда қосымша қаржы ресурстарын дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға жіберу үшін осы Конвенцияның мақсаттарына жетуде оларға көмек көрсету үшін ерікті жаһандық қорды не өзге де тиісті қаржы тетіктерін құрудың қажеттілігін айқындау кезінде ескеретін болады.

## IX Бөлім. Дауларды реттеу

### 27-бап

#### Дауларды реттеу

1. Екі не одан да көп Тараптардың арасында осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дау туындаған жағдайда тиісті Тараптар қайырымдылық қызметтерді, делдалдықты немесе татуласуды қоса алғанда, келіссөздер немесе оларды таңдау бойынша кез-келген басқа бейбіт құралдар арқылы дипломатиялық арналар жөніндегі дауды реттеуге ұмтылады.

2. Осы Конвенцияны ратификациялау, қабылдау, бекіту не реңми мақұлдау немесе оған қосылу кезінде не будан кейін кез-келген уақытта мемлекет немесе экономикалық интеграцияның өнірлік үйімі Депозитарийге осы Баптың 1-тармағына сәйкес шешілуі мүмкін емес дауға қатысты өздерінің конвенсус негізінде Тараптар Конференциясының қабылдауына жататын рәсімдерге сәйкес арнайы арбитраж өткізуге мәжбүрлі түрде келісетінін жазбаша мәлімдей алады.

3. Осы Баптың ережелері, егер онда өзгеше көзделмесе, осы хаттаманың тараптар арасындағы дауға қолданылатын кез-келген хаттамасына қатысты қолданылады.

## **X Бөлім. Конвенцияны одан әрі әзірлеу**

### **28-бап**

#### **Конвенцияға түзетулер**

1. Кез-келген Тарап осы Конвенцияға түзетулер енгізе алады. Мұндай түзетулерді Тараптар Конференциясы қарайтын болады.

2. Конвенцияға түзетулерді Тараптар Конференциясы қарайды. Конвенцияға ұсынылатын кез-келген түзетудің мәтінін қабылдау үшін ол ұсынылатын сессияға дейін алты ай бұрын ең аз көлемде Хатшылық Тараптарға алдын ала жөнелтеді. Хатшылық сондай-ақ ұсынылатын түзетулердің мәтінін Конвенцияға қол қойған Тараптарға және ақпарат үшін - Депозитарийге беріледі.

3. Тараптар Конвенсустың негізінде осы Конвенцияға ұсынылатын кез-келген түзетулер бойынша келісімге қол жеткізу үшін барлық күшті қоса береді. Егер конвенсусқа қол жеткізу бойынша барлық күш жеткілікті болса онда түзетудің соңғы шарасы ретінде отырыста қатысуышы және дауысқа салуда қатысуышы Тараптардың төрттен үшінің басым даусымен қабылданады. Осы Баптың мақсаттары үшін отырыста қатысуышы және дауысқа салуда қатысуышы Тараптар отырыста қатысуышы және "иә" немесе "жоқ" деп дауыс беруші Тараптар ұйғарады.

4. Түзетулерді қабылдау туралы құжаттар Депозитарийге сақтауға тапсырылады. Осы Баптың 3-тармағына сәйкес қабылданған түзету оны қабылдаған Тараптар үшін осы Конвенцияны кем дегендे үш Тарап қабылдау туралы құжатты Депозитарий алған күнінен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

5. Түзету кез келген басқа Тарап үшін осы Тараптың аталған түзетуді қабылдау туралы өз құжатын Депозитарийге сақтауға берген күнінен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

### **29-бап**

#### **Конвенцияға қосымшаларды қабылдау және оған түзету енгізу**

1. Осы Конвенцияға қосымша мен оларға түзетулер ұсынылады, қабылданады және 28-бапта белгіленген процедураға сәйкес күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияға қосымша оның ажырамас бөлігін құрайды және егер тікелей өзге көзделмесе, Конвенцияға сілтеме сонымен бірге оның кез келген қосымшасына сілтеме болып табылады.

3. Қосымшалар тізімдермен, нысандармен және процедуралық, ғылыми, техникалық және әкімшілік мәселелерге қатысты өзге де сипаттамалық материалмен шектеледі.

## **XI Бөлім. Қорытынды ережелер**

### **30-бап**

#### **Ескертулер**

Осы Конвенцияға ешқандай ескерту жасауға болмайды.

### **31-бап**

#### **Шығу**

1. Қайсыбір Тарап үшін осы Конвенция күшіне енген күнінен екі жыл өткеннен кейін кез келген уақытта бұл Тараптың Депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, Конвенциядан шығуына болады.

2. Кез келген осындай шығу Депозитарийдің шығуы туралы хабарлама алған күнінен бастап бір жыл өткеннен кейін немесе шығу туралы хабарламада көрсетілуі мүмкін неғұрлым кешірек күні күшіне енеді.

3. Осы Конвенциядан шығатын кез келген Тарап сондай-ақ ол Тарабы болып табылатын кез келген хаттамадан шыққан деп есептеледі.

### **32-бап**

#### **Дауыс беру құқығы**

1. Осы Конвенцияның әрбір Тарабының осы Баптың 2-тармағында көзделген жағдайдан басқа бір дауыс беруіне болады.

2. Өнірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдары өздерінің құзыретіне енетін мәселелерде осы Конвенция Тараптарының мүшелері болып табылатын мемлекеттердің санына тең келетін дауыстарға ие бола отырып, өзінің дауыс беру құқығын пайдаланады. Мұндай ұйым, егер оның мүшесі болып табылатын қайсыбір мемлекет өз құқығын пайдаланған және керісінше болса, өзінің дауыс беру құқығын пайдаланбайды.

### **33-бап**

#### **Хаттамалар**

1. Кез келген Тарап хаттама ұсынуы мүмкін. Мұндай ұсыныстарды Тараптардың Конференциясы қарайды.

2. Тараптардың Конференциясы Конвенцияға хаттамаларды қабылдауы мүмкін. Ол хаттамаларды қабылдау кезінде күш-жігердің барлығы консесусқа қол жеткізу үшін жұмсалады. Егер консесусқа қол жеткізуге жүмсалған күш-жігер сарқылып, келісімге

қол жеткізілмесе, түпкілікті шара ретінде хаттама отырыста болған және дауыс беруге қатысқан Тараптардың ұштегі жартысының көбісімен қабылданады. Осы баптың мақсаттары үшін отырыста болған және дауыс беруге қатысқан Тараптар деп отырыста болған және "ол үшін" немесе "қарсы" дауыс берген Тараптарды атаймыз.

3. Хатшылық ұсынылған хаттаманың кез келген мәтінін Тараптарға оны қабылдау ұсынылатын сессияға дейін кемінде алты айдан кешіктірмей береді.

4. Хаттаманың Тараптары тек осы Конвенцияның Тараптары ғана болуы мүмкін.

5. Осы Конвенцияға кез келген хаттама тиісті хаттаманың тараптарына ғана міндепті болып табылады. Қайсыбір хаттамаға қатысты мәселелер жөніндегі шешімді осы хаттаманың тараптары ғана қабылдайды.

6. Кез келген хаттаманың күшіне ену шарттары осы хаттамамен белгіленеді.

## **34-бап**

### **Қол қою**

Осы Конвенция Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болып табылатын барлық мемлекеттер мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болып табылмайтын, алайда Біріккен Ұлттар Ұйымының және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Женевадағы өнірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдарының штаб-пәтерінде 2003 жылғы маусымның 16-сынан 22-сіне дейін, кейіннен Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктағы штаб-пәтерінде 2003 жылғы 30 маусымнан 2004 жылғы 29 маусымға дейін мүшелері болып табылатын кез келген мемлекет қол қою үшін ашық болады.

## **35-бап**

### **Ратификациялау, қабылдау, бекіту, ресми**

#### **мақұлдау немесе қосылу**

1. Осы Конвенция мемлекеттердің ратификациялауына, қабылдауына, бекітуіне немесе қосылуына, сондай-ақ ресми мақұлдауына немесе өнірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдарының қосылуына жатады. Ол қол қою үшін Конвенция жабылатын күнінен кейінгі күні қосылу үшін ашылады. Ратификациялау, қабылдау, бекіту, ресми мақұлдау немесе қосылу туралы құжаттар Депозитарийге сақтау үшін та п с ы р ы л а д ы .

2. Мүше болып табылатын мемлекеттің бірде біреуі Тарап болып табылмайтын жағдайда осы Конвенцияның Тарабы болатын кез келген өнірлік экономикалық ықпалдастық ұйымы Конвенция бойынша барлық міндептерді көтереді. Осында ұйымдардың мүшесі болып табылатын мемлекеттердің біреуі немесе бірнешеуі Конвенцияның Тарабы болған жағдайда бұл ұйым мен оның мүшелері болып

табылатын мемлекеттер Конвенция бойынша өзінің міндеттерін орындау бойынша олардың тиісті міндеттеріне қатысты шешім қабылдайды. Мұндай жағдайларда ұйымдар мен мүше болып табылатын мемлекеттер Конвенциядан туындаитын құқықтарды олармен бірге жүзеге асыра алмайды.

3. Өнірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдары өздерінің ресми мақұлдау туралы құжаттарында немесе өздерінің қосылу туралы құжаттарында осы Конвенциямен реттелетін өз құзыретінің шегіндегі мәселелер туралы өтініш жасайды. Бұл ұйымдар сондай-ақ Депозитарийді хабардар етеді, ол өз кезегінде олардың құзыреті шегіндегі кез келген елеулі өзгерістер туралы хабардар етеді.

### **36-бап**

#### **Күшіне ену**

1. Осы Конвенция ратификациялау, қабылдау, бекіту, ресми мақұлдау немесе қосылу туралы қырықыншы құжатты Депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны ратификациялайтын, қабылдайтын немесе бекітетін не осы Күшіне ену туралы баптың 1-тармағында жазылған шарттарды орындағаннан кейін оған қосылатын әрбір мемлекет үшін Конвенция ол ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырған күнінен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

3. Осы күшіне ену туралы баптың 1-тармағында жазылған шарттар орындалғаннан кейін ресми мақұлдау туралы құжатты немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырған әрбір өнірлік экономикалық ықпалдастық ұйымы үшін осы Конвенция ол ресми мақұлдау немесе қосылу туралы құжатты тапсырған күнінен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

4. Осы Баптың мақсаттары үшін өнірлік экономикалық ықпалдастық ұйымы сақтауға тапсырылған кез келген құжат осы ұйымның мүшесі болып табылатын мемлекеттер сақтауға тапсырылған құжаттарға қосымша деп саналмайды.

### **37-бап**

#### **Депозитарий**

Осы Конвенцияның және оған түзетулердің, сондай-ақ 28, 29, және 33-баптарға сәйкес қабылданған хаттамалар мен қосымшалардың Депозитарийі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы болып табылады.

### **38-бап**

#### **Мәтіннің дәлмәдәлдігі**

Осы Конвенцияның ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі түпнұсқасы бір-біріне дәлмедәл болып табылады, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

Оны қуәландыруда тиісті деңгейде оған уәкілетті төмендегі қол қойғандар осы Конвенцияға қол қойды.

Екі мың төртінші жылғы [күні, айы] Женевада жасалды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК